


Мектепалды жас тобы

Тақпақтар, әндер: Сиқырлы әріптер

«А»

- Ата, зейін салдың ба?
 Бар әріптің алдында
 Неліктен «А» тұрады? -
 Деп бір күні сұрадым.
 Атам менің сауатты
 Былай берді жауапты:
 - Ата, Ана, Ақыл, Ар, Адам ...
 «А»-дан басталар. Ё
 Содан шығар, Құрбаным,
 «А»-ның алда тұрғаны!
Қадыр Мырза Әлі




Әліппе

Іші толы әріпке
 Мынау әйбәт «Әліппе».
 Ежелеп біз оқимыз,
 Мектепке оны алып кеп.
 Іші толы әріпке
 Кітабыңды алып кел.
 Барлық ілім - білімнің
 Әжесі осы - «Әліппе»!
*Қадыр Мырза
 Әлі*

Әріптер

Қағазға сызып иректі,
Апамыз әріп үйретті.
Алдымен «А»-ны жаттадық,
Содан соң әрі аттадық.
Содан соң «Б»-ны бастадық,
Үйренбей әрі баспадық.
Жатырқап бізді жүр ме екен?
«В» деген әріп кірме екен.



*Қадыр Мырза
Әлі*

Сөздік

Жарасып өскен бұтақтар:
«Сөздік» деген кітап бар.
Әр бұтақ сайын әріп бар,
Сөздердің мәнін анықтар.
«Анаңды» егер іздесең,
«А» деген тұстан табасың.
«Бабаңды» егер іздесең,
«Б» деген тұстан табасың.


*Қадыр Мырза
Әлі*

Ата мен апа

Ұқпай соны Мәкәлім
Әлі күнге қапалы.
«Ата» болар «Т» қосса,
Арасына екі «А»-ның.
Жақсы оқиды Ақаның,
Жақсы оқиды Жақаның.
«Апа» болар «П» қосса,
Арасына екі «А»-ның.



Қадыр Мырза Әлі



А Ә Б



ӘЛІППЕ

